

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

**Е.М. Баймұханов**

«ӘЛЕУМЕТТАНУ»  
пәні бойынша терминологиялық

**СӨЗДІК**

ҚАРАҒАНДЫ 2012ж.

## **Әлеуметтанулық ұғымдар анықтамасы (терминдердің түсінігі).**

**Әлеуметтану** - қоғамдық процесстерді және тұлғалар арасындағы түрлі деңгейдегі әлеуметтік байланыстарды зерттеу.

**Макроәлеуметтану** - тұтас қоғамның әлеуметтік құрылымы мен жүйелерін сарапау деңгейі.

**Микроәлеуметтану** - адамдардың күнделікті өмірдегі жеке қарым-қатынас негізіндегі социологиялық талдаудың деңгейлері.

**Орта деңгейдегі теория** -теориялық және эмпирикалық социологияның аралығын біріктіреді.

**Әлеуметтік теория** - әлеуметтік қатынастарға қатысты жалпы теориялық зерттеулер.

**Парадигма** - белгілі-бір концепцияның және теоретикалық көзқарастардың ғылыми үлгісі (моделі).

**Әлеуметтік шындық** - адам мен қоғам арасындағы өте күрделі, көп сатылы әлеуметтік қарым-қатынас.

**Әлеуметтік дау жан-жал** - қоғамдағы түрлі топтардың немесе индивидтің арасындағы ашық шиеленіс, яғни әлеуметтік мұдделердің қактығысы.

**Позитивизм** - әлеуметтік мәселелерді накты фактор ретінде ғылыми тұрғыдан қарастыру.

**Символикалық интеракционизм** -  
адамдардың іс-әрекетін немесе өзара қарым-қатынастарын осы әлеуметтік іс-қимылға және заттарға беріп отыратын белгілерге (нышан) сәйкес түсіндіру.

**Социология** - социологияны социологиялық тұрғыдан түсіндіру

**Құрлымдық функционализм** -  
қоғамды әлеуметтік жүйе ретінде қарастыратын теоретикалық көзқарас.

**Әлеуметтік айырбас** - өзара қарым-қатынас жасау арқылы адамдардың байланыска енуін зерттейтін көзқарас.

**Әлеуметтік ұйым** - қоғамдық жүйені қалыптастыратын белгілі бір жүйедегі тұрақты үлгі.

**Әлеуметтік мәдениет**- қоғамда өмір сүретін тұлғалардың нормалық үлгісі.

**Әлеуметтік жүйе** - уақыт пен кеңістіктің арасындағы әлеуметтік қатынастардың нобайы.

**Қоғам** - шектеулі бір территорияда орналасқан жеке мәдениеті мен институтын иемденетін адамдардың бірлестігі.

**Әлеуметтік топ** - мүшелердің арасындағы формальдай және **кітапханасы** формальды емес байланыстарымен

біріккен адамдардың жиынтығы.

**Шағын топ** - мақсаты, мүддесі, құндылықтары, өзін-өзі ұстau тәртібі біr, өзара тұракты байланыс жасайтын аз адамдардың жиынтығы.

**Әлеуметтік институттар** - қоғамның қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыратын нормалардың жүйесі.

**Әлеуметтік бақылау**- қоғамдағы нормалар мен құндылықтардың жиынтығы.

**Әлеуметтік интеракция** - адамдардың өзара әрекетін сипаттайтын процесс.

**Социум** - қоғам мен адамның әлеуметтік ортасы.

**Институционализация** - қоғамдағы түрлі топтардың, ұйымдардың және индивидтердің арасындағы айырбас процесі.

**Әлеуметтік биология** - ұжымдық әрекеттің генетикалық механизмдері жөніндегі ғылым.

**Стратификация** - белгілі біr қоғамда кездесетін иерархиялық түрғыда қалыптасатын әлеуметтік тенсіздіктің құрылымы.

**Страта** - жоғарыдан төмен карай жер қабаттарының орналасу ерекшеліктерін білдіретін геологиялық термин.

**Әлеуметтік страта** - иерархиялық жүйедегі түрлі статустардың позициясы. **Престиж** - статустың құрметтелуі.

**Құлық** - туылғаннан бастап адамзатқа тәn құқықтарды иемденбейтін адамдардың тобы.

**Тенсіздік** - адамдар арсында тендіктің болмауы.

**Мобильділік** - қоғамдағы және әлеуметтік стратификациядағы адамдардың түрлі позицияларга ауысуы.

**Тік мобиildілік** - белгілі біr иерархиядағы статустың өзгеруі.

**Көлденең мобиildілік** - әлеуметтік орта өзгергенмен статустың өзгеріске түспеуі.

**Адам** - биологиялық, психологиялық және әлеуметтік жан.

**Әлеуметтік статус** - индивидтің қоғамда алатын орны.

**Жеке тұлға** - өмір сүру барысында әлеуметтік құндылықтар мен мәдени нормаларды менгерген адам.

**Әлеуметтік рол** - белгілі- біr адамның статусына сәйкес иемденетін әрекеті.

**Әлеуметтік норма** - адамды әлеуметтік ортада реттеп отыратын ережелер.

**Әлеуметтендіру** - индивидтің әлеуметтік ортаға бейімделуін реттейтін процесс немесе әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтарды менгеруі.

**Девиация** - қоғамның нормадан ауытқушылық.

**Аномия** - ортақ мәндегі тәртіптің болмауы, қоғамдағы ортақ құндылықтар мен нормалардың әлсіреуі.

- Интернализация** - сыртқы тәртіптің ішкі нормага айналу процесі.
- Делинквентті мінез- құлыш** - қогамдық заңдарды бұзушылық.
- Деградация** - адамгершілік қасиеттердің әлсіреуі немесе жоғалуы.
- Делинквентті** - әлеуметтану ғылымында салдары қылмыстық жазалауды туындататын іс-әрекетті сипаттайтын ұғым.
- Денидинивидуалдылық** - индивидтің азаматтық мәнін жоғалту процесі.
- Депривация** - индивидтердің калыпты өмір сүруіне кажеті жағдайдың болмауы.
- Девиант** - қогамда қабылданған нормадан ауытқыган кез-келген индивид.
- Ретритизм** - қогамдағы мәдени нормалар мен құндылықтардан, шынайы өмірден бас тартып, ішкі өзіндік әлемінде индивидтің өмір сүруі.
- Ритуализм** - өзіндік мақсатына жетуге жағдай жасайтын кез-келген ортага бейімделу түрі.
- Иновация** - Р.Мертонның теориясы бойынша, қоғамның мақсатымен келісіп, оған жетудің жолдарын колдамайтын ауытқушилық десері.
- Конформизм** - билеуші пікірді, дәстүрді, принциптерді пассивті түрде қабыллау.
- Мемлекет** - қогамдық ресурстарды таратуши басқаруды жүзеге асырушы әлеуметтік ұйымдардың жиынтығы және әлеуметтік институт
- Саяси субъектілер** - жеке адам немесе әлеуметтік топ.
- Бюрократия** - істің мәніне формалды қарау.
- Легитимділік** - халықтың үстемдік етуші саяси билікті мойындауы, оның заңдылықтары мен шешімдерін раставы.
- Егемендік** - мемлекеттің, халықтың, үлттың, адамның саяси тауелсіздігі.
- Азаматтық қоғам** - жеке тұлғаның дамуына жағдай жасайтын қогамдық құрылыш.
- Тоталитаризм** - азаматтардың және қоғамдық салалардың барлық аумағының мемлекет тарапынан бақылауға алынуы.
- Харизматикалық билік** - ерекше қасиеттерімен көзге түскен адамның халықка билік жүргізуі.
- Харизма** - ежелгі грек тілінде «құдай сыйы» деген ұғымды білдіреді.
- Бюрократия** - иерархиялық жүйелен тұратын және жазбаша нұськаулармен жүзеге асырылатын ұйым түрі.
- Капитализм** - жекеменшікке негізделген өндіріс тәсілі.
- Экономикалық әлеуметтану** - экономика және өзге әлеуметтік институттардың арасындағы қарым-қатынастардың социологиялық түргыда зерттелуі.

**Экономикалық адам** - экономикалық іс-әрекеттің рационалды үлгісін тұрғызу мақсатындағы ұмтылыш

**Неке** - ер мен әйелдің арсындағы қарым -  
қатынастың элеуметтік және зандақ тұрғыдан  
негізделуі.

**Отбасы** - неке және қандас-туыстық байланыстармен  
біріккен адамдар тобы.

**Моногамия** - кез-келген жыныстың ішінен бір ғана  
индивидуиті иемденуге болатын некенің түрі.

**Полигамия** - бір индивидтің бірнеше индивидпен  
некелесуі.